

Қазақстан Республикасында стоматологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 28 ақпанда № 31970 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабының 32) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында стоматологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасында стоматологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 1053 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14664 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі*

А. Ғиният

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2023 жылғы 24 ақпандағы
№ 31 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасында стоматологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасында стоматологиялық көмекті ұйымдастыру стандарты (бұдан әрі – Стандарт) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабының 32) тармақшасына және 138-бабына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының ересектер және балалар халқына стоматологиялық көмекті ұйымдастыруға қойылатын талаптарды белгілейді

2. Осы Стандартта қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) бейінді маман – жоғары медициналық білімі, денсаулық сақтау саласында сертификаты бар медицина қызметкері;

2) бірінші деңгей – медициналық - санитариялық алғашқы көмек мамандарының амбулаториялық, стационарды алмастыратын жағдайларда және үйде медициналық көмек көрсету деңгейі;

3) динамикалық байқау – пациенттің денсаулық жағдайын жүйелі байқау, сондай-ақ осы байқау нәтижелері бойынша қажетті медициналық көмек көрсету;

4) екінші деңгей – мамандандырылған медициналық көмекті жүзеге асыратын бейінді мамандардың амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда, оның ішінде бірінші деңгейде медициналық көмек көрсететін мамандардың жолдамасы бойынша медициналық көмек көрсету деңгейі;

5) емдеу – ауруды жоюға, оның бетін қайтаруға және (немесе) оның ағымын жеңілдетуге, сондай-ақ оның өршуінің алдын алуға бағытталған медициналық көрсетілетін қызметтер кешені;

6) жоспарлы – көмек көрсетуді белгілі бір уақытқа кейінге қалдыру пациент жай-күйінің нашарлауына алып келмейтін, пациенттің өміріне қатер төндірмейтін аурулар мен жай-күйлер кезінде, сондай-ақ профилактикалық іс-шараларды жүргізу кезінде көрсетілетін медициналық көмек;

7) жылжымалы медициналық кешендер – ауылдық жерлердің және шалғайдағы елді мекендердің халқына көрсетілетін медициналық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету және тізбесін кеңейту үшін не қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мүддесі үшін пайдаланылатын, қажетті медициналық жабдықпен жаратқандырылған автомобиль көлігі базасындағы мобильді клиникалар (кабинеттер);

8) кезек күттірмейтін медициналық көмек – пациенттің өміріне айқын қауіп төндірмейтін кенеттен өткір аурулар мен жай-күйлер, созылмалы аурулардың шиеленісуі кезінде көрсетілетін медициналық көмек.

9) клиникалық хаттама (бұдан әрі-КХ) – пациенттің белгілі бір ауруы немесе жай-күйі кезіндегі профилактика, диагностика, емдеу, медициналық оңалту және паллиативтік медициналық көмек бойынша ғылыми дәлелденген ұсынымдар;

10) медициналық ақпараттық жүйе (бұдан әрі – МАЖ) – денсаулық сақтау субъектілерінің процестерін электрондық форматта жүргізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе;

11) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) – әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері есебінен медициналық қызметтерді тұтынушыларға медициналық көмек көрсету жөніндегі құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шаралар кешені;

12) пациент – медициналық көмек көрсетуді талап ететін аурудың немесе жай-күйдің болуына немесе болмауына қарамастан медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушы болып табылатын (болған) жеке тұлға;

13) профилактика – аурулардың пайда болуының, аурулардың ерте сатысында өршуінің алдын алуға және қазірдің өзінде дамыған асқынуларды, органдар мен тіндердің зақымдануын бақылауға бағытталған медициналық және медициналық емес іс-шаралар кешені;

14) стоматологиялық аурулар – тіс тіндерінің (кариозды, кариозды емес), пародонттың, ауыз қуысының шырышты қабығының, тілдің, еріннің және жақ-бет аймағының аурулары (жіті, созылмалы спецификалық емес және ерекше қабыну аурулары, сілекей бездерінің аурулары, бет уақытша-төменгі жақ буыны мен нервтерінің аурулары, жарақаттар, туа біткен және жүре пайда болған ақаулар және жақ-бет аймағының деформациясы, тістердің, жақтың және беттің дамуындағы ауытқулар мен ақаулар, қатерлі ісікке дейінгі аурулар, қатерсіз ісіктер және жақ-бет аймағының ісік тәрізді зақымданулары);

15) стоматологиялық көмек – диагностиканы, емдеуді, профилактиканы және медициналық оңалтуды қамтитын стоматологиялық аурулары бар пациенттерге көрсетілетін медициналық қызметтер кешені;

16) хабардар етілген келісім – адамның медициналық көмек алуға және (немесе) оның шешім қабылдауы үшін маңызы бар медициналық көмектің және (немесе) зерттеудің барлық аспектісі туралы ақпаратты алғаннан кейін нақты зерттеуге қатысуға өз келісімін жазбаша ерікті түрде растау рәсімі. Хабардар етілген жазбаша келісім уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша ресімделеді;

17) шұғыл медициналық көмек – денсаулыққа елеулі зиянның алдын алу және (немесе) өмірге төнген қатерді жою үшін шұғыл медициналық араласуды талап ететін кенеттен өткір аурулар мен жай-күйлер, созылмалы аурулардың шиеленісуі кезінде көрсетілетін медициналық көмек;

3. Стоматологиялық көмекті "Стоматология" кіші түрі бойынша медициналық қызметке лицензиясы бар меншік нысанына және ведомстволық тиесілігіне қарамастан медициналық ұйымдар көрсетеді.

4. Стоматологиялық көмек Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық

көмектің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 421 қаулысына сәйкес және Кодекстің 202-бабына сәйкес ақылы негізде (ақылы медициналық қызметтер) көрсетіледі.

МӘМС жүйесінде стоматологиялық көмек "Халықтың шұғыл және жоспарлы стоматологиялық көмек алуға жататын жекелеген санаттарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-106/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21254 болып тіркелген) айқындалған тізбе бойынша халықтың жекелеген санаттарына көрсетіледі.

5. Ақылы негізде стоматологиялық көмек "Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын және ақылы медициналық қызметтер (көмек) ұсыну жөнініндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21559 болып тіркелген) сәйкес көрсетіледі.

2-тарау. Стоматологиялық көмек көрсететін ұйымдардың құрылымы және стоматологиялық көмек көрсету шарттары

6. Амбулаториялық жағдайда стоматологиялық көмек:

1) бірінші деңгейде;

2) екінші деңгейде, оның ішінде бірінші деңгейдегі мамандардың жолдамасы бойынша;

3) үшінші деңгейде, оның ішінде бірінші және екінші деңгейдегі мамандардың жолдамасы бойынша жүзеге асырылады.

7. Стоматологиялық көмек бірінші деңгейде фельдшерлік-акушерлік пункттерде, дәрігерлік амбулаторияларда, медициналық-санитариялық алғашқы көмек орталықтарында (бұдан әрі – МСАК), көп бейінді медициналық ұйымдарда, жылжымалы медициналық кешендерде, білім беру ұйымдарындағы стоматологиялық кабинеттерде, ведомстволық ұйымдардың стоматологиялық ұйымдарында жүзеге асырылады және "Амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № ҚР ДСМ-37 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27833 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-37 бұйрығы). сәйкес консультациялық-диагностикалық көмек түрінде көрсетіледі.

8. Екінші деңгейдегі стоматологиялық көмек "Денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-133/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №

21452 болып тіркелген) сәйкес стоматологиялық емханаларда, клиникаларда, орталықтарда, кабинеттерде, көп бейінді медициналық ұйымдарда жүзеге асырылады және № ҚР ДСМ-37 бұйрығына сәйкес. консультациялық-диагностикалық көмек түрінде көрсетіледі

9. Бірінші деңгейдегі пациенттерге стоматологиялық көмек осы Стандарттың 1-қосымшасына (бұдан әрі – 1-қосымша) сәйкес стоматологиялық көмек көрсету деңгейлері бойынша клиникалық-диагностикалық зерттеулер көлеміне сәйкес амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған консультациялық-диагностикалық түрінде шұғыл және жоспарлы медициналық көмек нысанында көрсетіледі.

1-қосымшаға сәйкес екінші деңгейдегі пациенттерге стоматологиялық көмек мамандандырылған, консультациялық-диагностикалық, оның ішінде жоғары технологиялық, медициналық көмек, медициналық оңалту түріндегі шұғыл және жоспарлы медициналық көмек нысанында көрсетіледі, амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда көрсетіледі.

Бастапқы және қайталама деңгейлерде жоспарлы стоматологиялық көмек сегіз сағаттық жұмыс күні шеңберінде көрсетіледі.

10. Бірінші деңгейде стоматологиялық көмекті "Стоматология", "Тіс дәрігері (Дантист)", "Стоматологиялық гигиенист" мамандықтары бойынша техникалық және кәсіптік медициналық білімі бар, "Стоматология" мамандығы бойынша жоғары білімі бар бейінді мамандар көрсетеді.

11. Екінші және үшінші деңгейде стоматологиялық көмекті терапиялық, хирургиялық, ортопедиялық стоматология, балалар жасындағы стоматология, ортодонтия бойынша маманданған "Стоматология (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша және стационарлық жағдайларда біліктілік және лауазымдық талаптар шеңберінде "Жақсүйек-бет хирургиясы (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша жоғары медициналық білімі бар бейінді мамандар көрсетеді.

12. Стоматологиялық көмек КХ сәйкес көрсетіледі. Олар болмаған жағдайда, дәлелді медицина негізінде халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға сәйкес көрсетіледі.

13. Стоматологиялық көмек пациентке Кодекстің 134-бабына сәйкес медициналық көмек алуға пациенттің ақпараттандырылған келісімін алғаннан кейін көрсетіледі

14. Стоматологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында жұмыс істейтін бейінді мамандар есепке алу-есептік құжаттаманы "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген), (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы) бұйрығына және "Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21879 болып тіркелген) сәйкес жүргізеді.

15. Стоматологиялық көмек көрсету туралы ақпаратты (электрондық медициналық жазбалар, пациенттің денсаулық жағдайы мен диагнозы туралы ілеспе материалдар) МАЖ-дағы медицина қызметкері құжаттайды.

Стоматологиялық көмек көрсету туралы ақпаратты (электрондық медициналық жазбалар, пациенттің денсаулық жағдайы мен диагнозы туралы ілеспе материалдар және пациенттің диагнозы) сүт тістердің қарау картасындағы әрбір сүт тістерді осы Стандарттың 2-қосымшасына сәйкес және тұрақты қарау картасы осы Стандарттың 3-қосымшасына сәйкес МАЖ-де медицина қызметкерлері құжаттандырады.

16. Егер ауыз қуысының ісік ауруы күдіктенсе немесе анықталса "Қазақстан Республикасының халқына онкологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25167 болып тіркелген) сәйкес бекітілген жері бойынша медициналық ұйымның жалпы практика дәрігеріне жіберіледі және бір мезгілде электрондық немесе телефон байланыс құралдары арқылы "1-Онкосақтық" маркерін қою туралы бекітілген жері бойынша медициналық ұйымға хабарлама жолданады.

17. Оқшауланған (жергілікті) анестезияны қажет ететін стоматологиялық араласуларға дейін пациенттің аллергологиялық анамнезі анықталады және "Қазақстан Республикасында аллергологиялық және иммунологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 26 маусымдағы № 446 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15397 болып тіркелген). сәйкес көрсетілімдер бойынша пациент дәрілік аллергияны анықтау мақсатында зертханалық зерттеп-қарау үшін МСАК МСАК ұйымдарына немесе медициналық ұйымдарға жіберіледі

18. Стоматологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарын медициналық бұйымдармен жарақтандыру "Денсаулық сақтау ұйымдарын медициналық бұйымдармен жарақтандырудың ең төмен стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ-167/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21560 болып тіркелген) және осы Стандартқа № 2 қосымшаға сйкес жүзеге асырылады.

3-тарау. Стоматологиялық көмек көрсетудің негізгі бағыттары мен тәртібі

19. Халыққа стоматологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары қызметінің негізгі бағыттары:

1) стоматологиялық ауруларды, тіс-жақсүйек-бет аймағының деформациялары мен аномалияларымен, ерте диагностикалауға және анықтауға бағытталған, оның ішінде мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру ұйымдарында пациенттерді профилактикалық қарап-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу;

2) пациенттерге осы Стандартқа, медициналық көмек көрсету қағидаларына және КХ сәйкес стоматологиялық көмек көрсету (терапевтік, хирургиялық, ортопедиялық, ортодонтиялық, балалар);

3) стоматологиялық аурулардың, тіс-жақсүйек деформациялары мен аномалиялардың, одонтогенді қабыну ауруларының асқынуларының және жақсүйек-бет аймағының ауруларының өршуі мен дамуының алдын алу;

4) балалар мен ересектерге жақсүйек-бет аймағында жүргізілген операцияларға дейін және одан кейінгі медициналық оңалту, оның ішінде реконструктивтік оңалту көрсету;

5) орталық нерв жүйесінің аурулары және психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (белгіленген мүгедектік), асқынулардың даму қаупі бар ағза мен жүйелер аурулары бар пациенттер үшін жалпы анестезия немесе седация жағдайларында көрсетілімдер бойынша стоматологиялық көмек көрсету;

6) стоматологиялық аурулар мен тіс-жақсүйек деформациялары мен аномалиялары кезінде динамикалық байқауды ұйымдастыру;

7) еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасы, еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақтар және қажет болған жағдайда арнайы құрылған жағдайлар жасай отырып, жұмысқа орналастыру туралы ұсынымдар беру, "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген) сәйкес еңбекке қабілеттілігінен тұрақты айырылу белгілері, туа біткен даму ақаулары бар адамдарды медициналық-әлеуметтік сараптама комиссияларына жіберу;

8) стоматологиялық аурулардың және тіс-жақсүйек деформациялары мен аномалиялардың профилактикасының, диагностикасының, емдеудің қазіргі заманғы әдістерін енгізу;

9) стоматологиялық аурулардың профилактикасы, ерте диагностикалау мәселелері бойынша саламатты өмір салтын қалыптастыру, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, медициналық ұйымдардың орта медицина персоналын тарта отырып халық арасында санитариялық-ағарту жұмыстарын жүргізу;

10) КХ және "Қазақстан Республикасында аллергологиялық және иммунологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 26 маусымдағы № 446 бұйрығына (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15397 болып тіркелген) сәйкес стоматологиялық көмек көрсету кезінде туындайтын жағдайлар кезінде шұғыл көмек көрсету

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 03.12.2024 № 102 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Амбулаториялық жағдайларда балаларға стоматологиялық көмек көрсету

20. МСАК ұйымдарында балаларда стационарлық емдеуді қажет етпейтін стоматологиялық ауру күдіктенген немесе анықталған кезде денсаулық жағдайы бойынша медицина қызметкерлері (жалпы практика дәрігері (отбасылық дәрігер), педиатр, фельдшер, кеңейтілген практика мейіргерлері (жалпы практика), учаскелік мейіргерлер) немесе орта бейінді медициналық білімі бар білім беру ұйымдарының қызметкерлері пациентті стоматологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында жалпы практика стоматолог дәрігеріне консультацияға жібереді.

21. Стоматологиялық көмек медицина қызметкерінің жолдамасымен және өз еркімен жүгінуі бойынша консультациялық-диагностикалық көмек түрінде көрсетіледі, олар мынаны қамтиды:

1) тіс дәрігерінің қарап-тексеруі;

2) диагноз қою және дифференциалды диагностика мақсатында зертханалық, функционалды, аспаптық, визуалды зерттеу әдістеріне (рентгенологиялық, компьютерлік томография, магниттік-резонанстық томография, ультрадыбыстық зерттеу) көрсетілімдер бойынша жолдама беру;

3) клиникалық хаттамаларға сәйкес анықталған ауру бойынша стоматологиялық көмек көрсету;

4) шұғыл көрсетілімдер бойынша емдеуге жатқызуға және мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін, оның ішінде стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда ЖТМ қолдана отырып жоспарлы емдеуге жатқызуға жолдама беру.

22. Тістердің қатты тіндерінің даму ақаулары, ауыз қуысының шырышты қабығының аурулары, пародонт ауруларының жалпыланған түрлері бар балалар

медициналық айғақтар болған кезде стоматолог дәрігер "Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21856 болып тіркелген) сәйкес бейінді мамандарға консультацияға жібереді

23. Балаларға стоматологиялық араласулар жасау кезінде ауырсыну қаупімен манипуляциялар анестезияны қолдану көрсеткіштері бойынша (жергілікті, седация, жалпы) клиникалық хаттамаларға сәйкес ата-аналардың немесе заңды өкілдердің келісімімен жүргізіледі.

24. Тісжегінің көптеген асқынулары бар төрт жасқа дейінгі балаларды санитариялық тазарту, сондай-ақ медициналық көрсетілімдері бойынша функционалдық және орталық нерв жүйесінің органикалық зақымдануы, психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (белгіленген мүгедектік) және басқа ағзалар мен жүйелердің зақымдануы (белгіленген мүгедектік), асқыну және ауырсыну қаупі бар, "анестезиология және реаниматология" кіші түрі бойынша медициналық қызметке лицензияға қосымшасы және "Қазақстан Республикасында анестезиологиялық және реаниматологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 26 сәуірдегі № 78 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32409 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 78 бұйрық) сәйкес реанимациялық іс-шараларға арналған шарттары бар стоматологиялық ұйымдарда жалпы анестезиямен немесе седациямен жүргізіледі.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 03.12.2024 № 102 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Стоматологиялық хирургиялық емдеуге медициналық көрсетілімдер болған кезде тіс-жақ-бет ауытқулары бар балалар деформациялар жақ-бет көмегін көрсететін медициналық ұйымға жіберіледі.

26. Қабыну аурулары, жарақаттары, туа біткен және жүре пайда болған ақаулары бар және деформациялар, қатерсіз ісіктер және жақсүйек-бет аймағының ақаулары бар балаларға медициналық көмек көрсету және динамикалық байқауды амбулаториялық жағдайда стоматолог дәрігер немесе тәулік бойы медициналық бақылаумен және емдеумен стоматологиялық немесе жақсүйек-бет көмегін көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының жақсүйек-бет хирургы көрсеткіштері бойынша жүзеге асырады.

27. Тіс-жақсүйек-бет аймағында реконструктивті хирургиялық араласулар жүргізілгеннен кейін пациенттер динамикалық байқауға жатады.

28. Жақсүйек-бет аймағының туа біткен даму ақауларын (бұдан әрі – ТБА) анықтау мақсатында жаңа туған балаларды қарап-тексеруді босандыру ұйымдарының "неонатология" мамандығы бойынша дәрігер жүргізеді.

Жаңа туған нәрестеде жақсүйек-бет аймағының ЖРВИ анықталған кезде "неонатология" мамандығы бойынша дәрігер баланы мамандандырылған медициналық көмек, оның ішінде ЖТМУ көрсету үшін стоматологиялық ұйымға немесе балалар жақсүйек-бет хирургиясы бөлімшелеріне жібереді.

2-параграф. Амбулаториялық жағдайларда ересектерге стоматологиялық көмек көрсету

29. Ересек тұрғындарға стоматологиялық көмек медицина қызметкерінің жолдамасымен және өз еркімен жүгінуі бойынша консультациялық-диагностикалық көмек түрінде көрсетіледі және олар мынаны қамтиды:

1) тіс дәрігерінің қарап-тексеруі;

2) диагноз қою және дифференциалды диагностика мақсатында зертханалық, функционалды, аспаптық, визуалды зерттеу әдістеріне (рентгенологиялық, компьютерлік томография, магниттік-резонанстық томография, ультрадыбыстық зерттеу) көрсетілімдер бойынша жіберу;

3) клиникалық хаттамаларға сәйкес анықталған ауру бойынша стоматологиялық көмек көрсету

4) мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін, оның ішінде стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда ЖТМ қолдана отырып, шұғыл көрсетілімдер бойынша емдеуге жатқызуға және жоспарлы емдеуге жатқызуға жіберу.

30. Функционалды ересектердің медициналық көрсетілімдері бойынша Санация орталық жүйке жүйесінің және басқа органдардың органикалық зақымдануы асқынулардың даму қаупі бар жүйелерді (мүгедектігі белгіленген адамдар) № 78 бұйрыққа сәйкес "анестезиология және реаниматология" кіші түрі бойынша медициналық қызметке лицензиясы бар стоматологиялық ұйымдарда және реанимациялық іс-шараларға арналған жағдайлар жалпы анестезиямен немесе седациямен жүргізеді.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 03.12.2024 № 102 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Тіс-жақсүйек-бет аномалиялары мен деформацияларын хирургиялық емдеуге медициналық көрсетілімдер болған кезде пациенттер стоматологиялық немесе ересектерге жақсүйек-бет хирургиялық көмек көрсететін медициналық ұйымға жіберіледі.

32. Ересектерге стоматологиялық хирургиялық көмек көрсету қабыну аурулары, жарақаттар, туа біткен және жүре пайда болған ақаулар мен деформациялар, жақсүйек-бет аймағының қатерсіз ісіктері мен ақаулары бар және динамикалық байқау денсаулық сақтау ұйымының стоматологиялық дәрігері немесе стоматологиялық немесе тәулік бойы медициналық бақылаумен және емдеумен жақсүйек-бет көмегін көрсететін немесе жақ-бет хирургы жүзеге асырады.

33. Тіс-жақсүйек-бет аймағында реконструктивті хирургиялық араласулар жүргізілгеннен кейін пациенттер стоматологиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдарда динамикалық байқауға жатады.

3-параграф. Стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда стоматологиялық көмек көрсету

34. Стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда стоматологиялық көмек "Қазақстан Республикасында жақсүйек-бет хирургиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 мамырдағы № ҚР ДСМ - 53/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20687 болып тіркелген) (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-53/2020 бұйрығы) медициналық көмек көрсету қағидалары мен КХ сәйкес жүзеге асырылады,

35. Стационарлық жағдайда стоматологиялық көмекті жақ-бет хирургтары көрсетеді және арнайы медициналық әдістер мен технологияларды қолдануды талап ететін аурулар мен жағдайларды алдын алуды, диагностикалауды, емдеуді, сондай-ақ № ҚР ДСМ-53/2020 бұйрығына сәйкес медициналық оңалтуды қамтиды.

36. Диагнозды верификациялау үшін күрделі, түсініксіз жағдайларды дифференциалды диагностикалау кезінде стоматологиялық көмек "Қашықтықтан медициналық қызметтерді ұйымдастыру, ұсыну және төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 1 ақпандағы № ҚР ДСМ-12 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22151 болып тіркелген) сәйкес консилиум өткізумен не қашықтықтан медициналық қызметтерді қолданумен көрсетіледі.

37. Өмірге қауіп төнген жағдайлармен асқынған стоматологиялық аурулары бар балалар мен ересектерге шұғыл медициналық көмек көрсету кезінде стоматологиялық немесе жақсүйек-бет көмегін көрсететін, өз құрылымында анестезиология-реанимация және қарқынды терапия бөлімшесі бар және № 78 бұйрыққа сәйкес тәулік бойы медициналық бақылау мен емдеуді қамтамасыз ететін медициналық ұйымдарға жедел медициналық жәрдем бригадасы пациенттерді жеткізеді.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 03.12.2024 № 102 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Шұғыл ауруханаға жатқызу көрсетілімдері:

1) жақсүйек-бет аймағының созылмалы одонтогенді және неодонтогенді қабыну ауруларының жіті немесе созылмалы қабынуы;

2) жақсүйек-бет аймағының жарақаттары;

3) жақсүйек-бет аймағынан қан кету;

4) кезек күттірмейтін көмекті қажет ететін шұғыл жағдайлар.

39. Пациентті жоспарлы ауруханаға жатқызу көрсетілімі стоматологиялық аурулармен стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда, оның ішінде

стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету қажеттілігі болып табылады, оның ішінде:

1) диагностика және емдеу үшін түсініксіз және күрделі жағдайларда диагнозды нақтылау және емдеудің қажетті схемасын таңдау;

2) ауыз қуысы органдарының созылмалы ауруларын хирургиялық емдеу және жақсүйек-бет аймағының қабынуы сатысында;

3) қатерсіз ісіктер мен ісік тәріздес ауруларды хирургиялық емдеу;

4) жақсүйек-бет аймағының жарақаттарын және іріңді-қабыну ауруларын хирургиялық емдеу;

5) жақсүйек-бет аймағындағы ақаулар мен деформацияларды хирургиялық емдеу;

6) жақсүйек-бет аймағының туа біткен патологиясын хирургиялық емдеу.

4-параграф. Профилактикалық стоматологиялық көмек көрсету

40. Профилактикалық қарап-тексерулер мен санитариялық-ағарту жұмыстар ересектер мен балаларда стоматологиялық аурулардың және асқынулардың алдын алуға бағытталған, оларды Стоматология", "Тіс дәрігері (Дантист)", "Стоматологиялық гигиенист" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік медициналық білімі бар, МСАК ұйымдарында және стоматологиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдарда "Стоматология" мамандығы бойынша жоғары білімі бар бейінді мамандар жүргізеді,.

41. МСАК ұйымдарында және білім беру ұйымдарында стоматологиялық аурулардың профилактикасы мыналарды қамтиды:

1) баланы кешенді зерттеп-қараумен профилактикалық қарап-тексеру "Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және орта білімнен кейінгі ұйымдардың оқушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулер жүргізу қағидаларын, көлемін және кезеңділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-264/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21820 болып тіркелген); сәйкес, балалардың алғашқы (профилактикалық) қарау маршрутымен осы Стандартқа 5-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

2) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген "Стоматологиялық науқастың медициналық картасы (санацияны қоса алғанда) "№ 058/е нысаны" пациенттердің медициналық картасына деректерді енгізе отырып, стоматологиялық денсаулық тобын және динамикалық байқау тобын электрондық форматта айқындау;

3) тіс-жақсүйек-бет аномалиялары және олардың дамуының алғышарттары; бар пациенттерді балалар мен ересектерге мамандандырылған стоматологиялық немесе жақсүйек-бет хирургиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жіберу;

4) гигиеналық білім беруді және гигиена құралдары мен заттарын таңдай отырып, ата-аналар мен балаларды ауыз қуысының ұтымды гигиенасына оқытуды жүзеге асыру, стоматологиялық аурулардың туындауының алдын алу үшін балалар мен ересектердің ұтымды тамақтануы бойынша ұсынымдарды қолдану.

42. Стоматологиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдарда стоматологиялық аурулардың профилактикасы мыналарды қамтиды:

1) профилактикалық іс-шараларды жүргізу (ауыз қуысының гигиенасы индексін анықтау, жеке құралдар мен стоматологиялық гигиена заттарын іріктеу, ауыз қуысының гигиенасы қағидаларына оқыту кейінгі бақылаумен, реминерализациялау терапиясының көрсетілімдері бойынша, пародонт пен ауыз қуысының шырышты қабығының ауруларының, тіс-жақ аномалияларының алдын алу, динамикалық байқау, оңалту және профилактика жоспарын жасау);

2) стоматологиялық аурулары бар пациенттерді анықтау және көрсетілімдер бойынша жоғары мамандандырылған стоматологиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдарға жіберу.

43. 0 жастан 17 жасқа дейінгі балалар мен жүкті әйелдерді қоса алғанда, "Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидаларын, көлемі мен мерзімділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-264/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21820 болып тіркелген). сәйкес динамикалық байқауға және стоматологиялық қарап-тексеруге жатады.

Стоматологиялық көмек көрсететін ұйымдарда анықталған стоматологиялық ауруларға байланысты ересектерді динамикалық байқау көрсетілімдер бойынша жүргізіледі

44. Тәуекел дәрежесіне және стоматологиялық аурулардың белсенділігіне байланысты стоматологиялық қарап-тексеру:

- 1) өмірдің бірінші жылында-жылына екі рет;
- 2) үш жаста – жылына бір рет;
- 2) алты жаста – жылына бір рет;
- 3) он екі жаста – жылына бір рет;
- 4) басқа жас топтары – жылына кемінде бір рет жүзеге асырылады:

